



№85 (9868)
27 қазан,
бейсенбі
2022 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жаршысы



Ел жаңалықтары

Заң жобасы мақұлданды

Парламент Мәжілісі жалпы отырысының екінші оқылымында депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын мақұлдады. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнаманы жетілдіруге және жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар «жастар» ұғымының жас шеңберін 29 жасқа дейін ұлғайтуға бағытталған түзетулер енгізді, бұл жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға, оптимизмді, ертеңгі күнге деген сенімділік сезімін нығайтуға мүмкіндік береді. «Жастардың әлеуметтік қызметтері» және «уақытша тұрақсыз жастар» ұғымдары нақтыланады.



Бұдан басқа Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы аясында депутаттар заңның әлеуметтік блогына түзетулер енгізді. Атап айтқанда, әңгіме әйелдер үшін зейнеткерлікке шығу жасын 61 жас деңгейінде бекіту, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін табыс шегін 46 еседен 55 есеге дейін ұлғайту, еңбек ету қабілетінен айырылған сондай-ақ асыраушысынан айырылған жағдайда ай сайынғы әлеуметтік төлемнен шегерім мөлшерін 55 еседен азайту туралы болып отыр. Сондай-ақ ЕТЖ өсуіне байланысты әлеуметтік төлемдер мөлшерін азайтуды болдырмау мақсатында ең төменгі жақпа мөлшерінің 50 пайызына дейін, сондай-ақ жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемді есептеу үшін алмастыру коэффициентін түзету мәселелері зерделенді.

Заң жобасы шеңберінде қаралатын мәселелер аясының кеңеюін ескере отырып, депутаттар заң жобасының тақырыбын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп өзгерту жөнінде ұсыныс енгізген. Осылайша Мәжіліс екінші оқылымда заң жобасын мақұлдады. Нәтижесінде тиісті қаулы қабылданды.

5 млн гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды



Ауыл шаруашылығы министрлігі 5 млн гектар жерді мемлекет меншігіне қайтарды. Демек, министрлік тарапынан жыл соңына дейін жоспарланған 5 млн га пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекеттік меншікке қайтару жоспары мерзімінен бұрын орындалып отыр. Сонымен қатар бүгінде жер пайдаланушылар бұрын тұрып қалған 1,8 млн гектар жерді игеруге кірісті.

Айта кетейік, осы жылдың өзінде министрліктің Жер ресурстарын басқару комитетінің республика бойынша аумақтық бөлімшелері учаске иелеріне қатысты ауыл шаруашылығы жерлерін алу мен пайдаланудың заңдылығына қатысты 1 357 жоспардан тыс тексеру жүргізген болатын. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылы 28 сәуірде құрамына мүдделі мемлекеттік және құқық қорғау органдары кіретін жұмыс комиссиясы құрылған. Осы комиссия құрылған сәттен бастап барлық өңірлерде ведомствоаралық топтар қатар құрылды. Биыл 9 тамызда Қазақстан Президенті жер мәселелері бойынша тексерулер үшін ерекшелікті көздейтін Жарлыққа қол қойды, бұл пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы алқаптарын қайтару бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың тиімділігін едәуір арттырған. Ауыл шаруашылығы министрлігі бұл бағыттағы жұмыс жалғасатынын хабарлады.

Ерлан ӘНУАРУЛЫ

Алтын дән – 2022

Сыр өңіріндегі ырысы артып, береке-бірлігі көпке үлгі болған мекеннің бірі – Жалағаш ауданы. «Қызылорданың Қостанайы» атанған Жалағаштың диқандары бейнеттің зейнетін көретін мезгілге де келіп жетті. Ырзығын ысырапсыз жиган дала дарабоздары ел ризығын молайту жолында аянып қалмады. Ал мұның бәрі аудан жұртшылығының ынтымақ, бірлігінің жемісі екенін айта кеткеніміз дұрыс.



Жері ырысты, күріші келісті Жалағаш

Жалағаштықтар үшін биыл қос тойы қабат келген берекелі жыл болды. Алажаздай адал еңбектің нәтижесі, жемісін көретін шақ – күз мезгілі де келіп жетіп, толайым табыстарға қол жеткізді. Өткен апта соңында жалағаштықтар екі күн бойы қос мерекені қатар тойлады. «Алтын дән – 2022» салтанатты жиынында еңбек озаттарына құрмет көрсетілсе, он жылдан аса уақыт араға салып айтулы мерекелер қатарына қайта жайғасқан Республика күніне орай аудан тұрғындары үшін ерекше шаралар ұйымдастырылды.

Мерейлі мереке сенбі күні бақша өнімдеріне арналған жәрмеңкеден басталды. Иә, қыс қамын жазда ойлайтын халық үшін күзгі жәрмеңкелердің тиімді тұсы көп-ақ. Жалағаштықтар асыға күткен жәрмеңкеде бақша өнімдерінің барлық түрі сатылымда болды. Әсіресе базар нарығынан 15-20 пайызға төмен бағамен сатылған ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныс өте жоғары болды дегуе болады. Өйткені жәрмеңке болатын күні халық арнайы орынға ағылып, картоп, сәбіз, пияз секілді өнімдерді қаптап сатып алып жатты. Сатылымда болған ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен бағасының тұрақтылығында ешқандай кемшілік болмағанын байқадық. Өйткені жәрмеңкеде кезіктірген әр тұрғынның ризашылығын естіп, сатушылардың көңілдері тоқ екенін де бағамдадық.

Келесі күні Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйіне жылжыған көпшілік еңбек озаттарының марапатталу сәтіне куә болды. Айтулы күнгі салтанатты шараға аудан басшылығы бастаған бірқатар азаматтар, тұрғындар қатысты. Салтанатты шарада аудан әкімі Асқарбек Есжанов жалағаштықтарды мерейлі мерекемен құттықтап, дала диқандарының ерен еңбегін көпке үлгі етті. Мұнымен қоса мерекелік шара аясында ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өсіп-өркендеуіне лайықты үлес қосқан бірқатар азаматтар «Жалағаш ауданының Құрметті азаматы» атағымен, Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасымен облыс, аудан әкімдерінің алғысымен

марапатталса, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіподағының «Елеулі еңбегі үшін» медалімен, ауыл шаруашылығы саласында жетістікке жеткен, еңбектің қазанында қайнаған шаруашылық төрағалары, күрішшілер, комбайншылар, жатқа машинистері, агроном, комбайншылар, бригадирлер құрмет төрінен көрініп, номинацияларға ие болды.

Расымен «Елім дейтін ер болмаса, ерім дейтін ел қайдан болсын» демекші, туған жерін түлетіп, өркендеуіне үлес қосқан атымтай азаматтар қандай да құрметке лайық. Бұған дейін де ел игілігі үшін өткен ерен еңбегі өленіп, халықтың алғысына бөленіп жүрген жерлестеріміз баршылық. Өздері тұратын өлкенің өсіп-өркендеуіне, сондағы ауыл азаматтарының әлеуметтік жағдайының артып, тұрғын үйімен қамтамасыз етілуіне азаматтық ісімен атсалып жүрген ел ағаларын кейінгіге үлгі-өнеге қылсақ, артық етпейді.

Жуырда ғана Республика күні мерекесі қарсаңында өткен Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ұйымдастыруымен қайырымдылық саласындағы үздік меценаттар мен филантроптар үшін «Жомарт жүрек» республикалық сыйлығының жеңімпаздары марапатталған еді. Қайырымдылық жасау мен оны дамытуға елеулі үлес қосқан жомартжүректі азаматтарды ынталандыру мақсатында жыл сайын өткізілетін шараға биыл аймақ атынан бірқатар азаматымыз қатысты. Еліміздің барлық өңірінен үміткерлер қатысқан конкурстың төрт номинациясын Сыр өңірінің атымтай жомарт азаматтары жеңіп алды. Атап айтқанда, «Жыл тұлғасы» номинациясы бойынша «Ер-Әлі» ШҚ басшысы Әліби Бекжанов, «Туған өлке» номинациясында Имамзада Шағыртаев, «Жылдың үздік қамқоршысы» номинациясымен Несібелі Жүсіпова марапатталды. Ал «Жыл меценаты» номинациясы иегерлері қатарында мезгілсіз аразымдан өткен Расул Есеновтің де есімі аталды.

Әрбір игі істің басы-қасында жүріп, бүтін бір ауылдың абаттануына,

әлеуетінің артуына, тәуелсіздік жылдары Таңның түлеуіне атсалысқан Имамзада Шағыртаевтың да бұл атаққа әбден лайық екені анық. Қазір Таң ауылында оның бастамасымен жүзеге асқан әрбір жарқын жоба сондағы халықтың қажетіне жұмыс жасап тұр. Алдына ұлы мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолында адал еңбек етіп, кейінгі буынға өнегелі өмірімен үлгі болып жүрген ағаларымызға бұл берілген лайықты баға деп білеміз.

Айта кетейік, «Жомарт жүрек» байқауы басталған уақыттан бері төрт номинацияның бір өңірге табысталуы – бұрын-соңды болмаған жағдай. Салтанатты шарада министрлік өкілдері мен депутаттар жеңімпаздарға естілік сыйлықтар мен дипломдар табыстады. Қоңысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде өткен салтанатты шарада аудан басшысы да жоғарыда атап өткен азаматтардың елге, туған жерге сіңірген еңбегін ерекше атап өтті. Шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Мұнан соң жалағаштықтар айттыс аламаннан табылып, республикаға танымал сөз шеберлерінің өнерін тамашалады.

Аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы қазақ өміріндегі айттыстың мән-маңызына тоқталды. «Ср халықтың болмысында ғұмыр кешу жағдайына қарай қалыптасқан дәстүрлердің тозығын уақыт өзі екшеп, озығын ел кәдесіне жаратады. Соның бірегейі сонау ықылым заманнан қалыптасып, дамып, жетіліп, бүгінгі күннің қажетіне жарап отырған халық ауыз әдебиеті болса, оның ең бір өміршен жанры – айттыс өнері. Бүгін елге аяқ басып, біздің қуанышымызға ортақтасып, дүбірлі тойдың көрігі қыздыруға келген ақындарымыздың қадамы құтты болсын! Айттыққа түсетін ақындарды Сәбит Мұқанов бәйгеге қосатын тұлпарға теңеген екен. Иә, расымен бұл жарыс, дода, сөз сайысы – алғырлар мен шеберлердің, тоқсан ауыз сөзден тобықтай ой түietін сөз зергерлерінің сайысы. Ендеше біз де бүгінгі бәйгеге қосылған тұлпарларға сәттілік тілейміз» деген өңір басшысы ақындар айттысын тамашалауға келген

халықты мерейлі мерекемен тағы да құттықтады.

Ұлттық мереке Республика күні мен «Алтын дән – 2022» мерекесіне орай ұйымдастырылған республикалық ақындар айттыс бірнеше сағатқа созылып, кіл мықтының ішінен шын мықтыны анықтау қиынға соқты. Қазақтың көшкесті қара домбырасын жанына серік еткен айтқыскерлер жыр шумақтарына еліміздің бүгінге дейінгі жеткен жетістігін, ауданның дамуы жолындағы жарқын жобаларды және республика күнінің маңыздылығын арқау етті. Мұхтар Ниязов, Рүстем Қайыртайұлы, Айдос Рахметов, Талғат Мықы сынды айттыс аламаньның майталмандары ұлттық мерекенің көркін қыздырып, айттысүйер ағайынның көңілін бір серпілтіпті.

Иә, кез келген ел азаттыққа қол жеткізген күнін ардақ тұтады, басқа мерекелерден айрықша қастерлейді. Сондықтан болар еліміз үшін биыл ұлттық мереке ретінде атап өтілген Республика күнінің маңызы ерекше. Бірлігі бекем, тірлігі тындырымды Жалағаш ауданында ұлттық мереке Республика күні жоғары сан-салтанатымен өтті. Қос тойын қабат тойлаған өңір тұрғындары аламан айттыстан соңқешке ұйымдастырылған гала концертке жиылды. Орталық алаңда бас қосқан жалағаштықтар облыстан келген және аудан өнерпаздарының мерекелік тартуын тамашалады. Ел Президентінің маңызды мерекенің қайта оралуына себепші болуы қазақстандықтарды ерекше қуантқаны белгілі. Араға біршама уақыт салып, лайықты дәрежеде қайта тойланған мерекенің тәуелсіз ел үшін айшықты әрі айбынды болуы да заңдылық. Қазақстан республикасының дербес мемлекет атануы жолында өткерген барлық қиындықтар мен қиып кезеңдерді ұмыттырып, азат ел екенімізді және қазақ өз болмысында ерқашан еркін ел болғанын есімізге салады.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Балаларға базарлық



Қуанса, бала қуансын

Биыл – балалар жылы. Жыл аяғына таяды, жыл басынан бері қанша жүйелі жұмыс жасалды бұл тұрғыда. Бала – бәріміз үшін өмірімізді жалғайтын ұрпағымыз, тіпті елдің даму көшін бастайтын ертеңгі текті тұлғаларымыз. Осы бүгінгі буын халықтың тектілігінен ажырап қалмауында қазіргі қоғамның сіңіретін еңбегі зор. «Балалар жылы» басталғалы жас өрендерге қуаныш сыйлайтын жарқын жобалар мен игі шаралар көптеп қолға алынуда. Соның ізімен жуырда ғана ауданға қарасты екі елді мекенде жаңа ойын алаңдары ашылып, балалардың қуанышын еселеді.

Жалпы Ұлттық мереке Республика күні қарсаңында және «Балалар жылы» аясында өңірде 5 спорт ойын алаңы пайдалануға берілді. Ал жақында аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбеттің қатысуымен Бұқарбай батыр, Ала-месеке ауылдық округтерінде жаңадан бой көтерген спорт ойын алаңдарының ашылу салтанаты өтті. Қуанышты сәтте қос-ауылдық ағайынмен бірге болған аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Ерданұлы ыстық лебізін де аямады.

– Сыр елінде ұлттық мереке Республика күні қарсаңында «Балалар жылына» тарту

ретінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен қала, аудандарда демеушілердің қолдауымен құны 1,6 млрд теңгені құрайтын бір мезетте 80 спорт ойын алаңы ел игілігіне берілуде. Соның ішінде Жалағаш ауданы бойынша биыл құны 58 млн теңгеден асатын 7 ойын алаңын салу жоспарланды. Бүгінде 5 ойын алаңының құрылыс жұмыстары аяқталып, ұлттық мереке қарсаңында аудан тұрғындарына пайдалануға беріліп отыр, – деген Ж.Еспенбет ашылған ойын алаңдарының жас ұрпақ үшін пайдасы мол екенін де ерекше атап өтті.

Иә, бұлшағын спорт алаңдары балалардың бос уақытын тиімді өткізіп, тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануына мол мүмкіндік береді.

Балалар жылына орай пайдалануға берілген нысандардың ашылу салтанатында тұрғындар да игілікті іске қолдау көрсетіп, себепкер болған азаматтарға алғысын білдірді. Ал біз осы жерден болашақ спортшылар мен ел абыройын асқақтататын дарабоздар шығатынына сенеміз.

Нұр НАУАН

Сұхбат

Биыл ауданда төтенше жағдайлардың алдын алуда сала қызметкерлері шама-шарқынша еңбек етті. Нәтиже де жоқ емес, әрине. Алайда орын алған оқиғалардың басым бөлігі біздің, яғни қарапайым халықтың қауіпсіздік ережесіне қатысты олқы тұстарымызды айқындап берді. Әсіресе жыл басынан бері қаншама өрт оқиғасы орын алғанын жақсы білеміз. Тіпті сол тілсіз жаудың салдарынан адам шығыны да орын алған болатын. Қазір судан келер айтарлықтай қауіп жоқ. Себебі суға түсу маусымының аяқталғанына да біршама уақыт болды. Десе де балық аулау кезінде, табиғат аясында жүргенде қарапайым қауіпсіздік ережесін сақтамасақ, судан келер де қауіпке кезігеріміз тағы данық. Өрт те дәл солай, көбіне жаз, көктем айларында орын алып жатады. Күз айларында көбіне дала өрті тіркелсе, қыста пәтер өрті тіркеліп, арты қайғылы жағдайға ұласатын кездерге де күз болғанымыз бар. Осы ретте қарапайым халыққа тілсіз жаудың алдын алуда қайтпек керек, бұған дейін төтенше жағдайлардың алдын алуда атқарған жұмыстардың нәтижесі қалай? Тұрғындардың мұндай жағдайларға кезігуіне не себеп? Осы және өзге де бірқатар сауалымызға жауап алу үшін аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің инженері, азаматтық қорғау лейтенанты Жанәділ Нұрланұлымен сұхбаттасқан едік...

Төтенше жағдаймен күрескеннен алдын алған тиімді

– Жанәділ Нұрланұлы, биыл ауданда қанша өрт оқиғасы орын алды? Әңгімемізді осы сауалдың жауабымен бастасақ...

– Жыл басынан бері Жалағаш ауданы төтенше жағдайлар бөлімі бойынша ақпаратты есепке алу кітабына 83 хабарлама тіркелді, оның ішінде 33 өрт, 21 өртке жатпайтын жану оқиғалары, 29 басқа да шығыстар болып табылады. Біз оқыс оқиғалардың алдын алуда біршама профилактикалық және түсіндірме жұмыстарын жүзеге асырамыз. Нәтиже бар, қарапайым халыққа да, бізге де апатпен күрескеннен оның алдын алған әлдеқайда тиімді. Бірақ мұны түсінсе қанекей, міне, сол ортақ түсініктің болмауынан біз кейде төтенше жағдайлармен бетпе-бет келіп жатамыз.

– Жаңа сіз айтып өткен өрт оқиғаларына талдау жасасақ, орын алуына не себеп болды, қаншасы пәтер өрті, қаншасы дала өрті дегендей...

– Барлық орын алған өрт оқиғаларының 21-і тұрғын үйлерде орын алған. Ал жыл басынан бері 5 автокөлік өрті тіркелді. Мұнан бөлек 8 орман-дала өрті орын алды. Ал «Оның орын алуына не себеп?» деген сауалыңызға оралсақ, себеп әртүрлі. Көбіне өрт оқиғаларының орын алуына қарапайым халықтың қауіпсіздік ережесін сақтамауы басты себеп болып жатады. Өкініштісі арты қайғылы жағдаймен аяқталған өрт оқиғасы да тіркелді. Бұдан біз сабақ алуымыз керек. Себебі мемлекеттің басты құндылығы адам екенін тек сала қызметкерлері ғана білуі тиіс емес, оны баршамыз түсінуіміз керек. Болмашы қателіктің арты қайғылы жағдайға ұласуы кімге болса да оңай соқпасы анық.

Мәселен, ауданда қазіргі таңда өрттің басым көпшілігі тұрғын үй секторында орын алып отыр. Жыл басынан бері тұрғын үйлерде 21 өрт оқиғасы орын алса, оның барлығына басты себеп тұрғындардың өз үйлерінде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамауы болып отыр.

– Төтенше жағдайдың қайталана бергені кімге тиімді дейсіз, сіздердің тараптарыңыздан қауіпсіздік ережесін сақтауға қатысты түсіндірме жұмыстары жүргізіле ме? Жүргізілсе, нәтижесі қалай?

– Дұрыс айтсаңыз, бағана мен де сөз басында айтып кеттім. Кімге де болсын төтенше жағдаймен күрескеннен оның алдын алған әлдеқайда тиімді.

Сондықтан біздің тарапымыздан, Жалағаш ауданы төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері болып тұрғын үйлерге өртқауіпсіздік ережелері сақталу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеміз. Ал екінші сауалыңызға берер жауабым қуантарлықтай емес. Себебі түсіндірме жұмыстарына қарамастан өрт оқиғалары азаймай отыр. Өрттің басым көпшілігі тұрғын үйде электр сымдарының қысқаша тұйықталуынан, бір мезетте бір электр желісіне шамадан көп тоқ көзін қосуы, тоқ көзі розеткада қосулы күйде қалдыруы, төсек орындарда шылым шегуінен, аула ішінде ашық от жағуынан болып жатады.

– Елу үшін тиімді деп танысаңыздар, қайталаудың артығы болмас. Осы ретте 3 мың оқырманы бар аудандық басылым арқылы тұрғындарға тағы бір қауіпсіздік ережесі хақында көңес бере кетсеңіз... Тұрғындар өзіңіз айтқандай, төтенше жағдайдың алдын алу үшін нені қаперде ұстауы қажет?

– Қаперде ұстауы тиіс қарапайым ереже бар. Бастысы соны орындаса болғаны. Көбінде біз пәтер өртінің орын алуы пештегі оттан, немесе көгілдір отыннан деп түйеміз. Негізінен сол тілсіз жаудың орын алуына тоқ та себеп болып жатады. Ең алдымен электр өткізгіштердің, ажыратқыштардың және ток көздерінің дұрыс жұмыс істеуін қадағалаңыз. Электр аспаптарын, плиталарды жарамды күйде қолданып, перделер мен жиһаздан алшақ, жанбайтын тіреулерде орналастырыңыз. Әсіресе электр аспаптарын бір нүктеге қосуға жол бермеңіз, бұл электр желісінің шамадан тыс қуаттығына әкеп соқтырады.

Қыздырғыштарды киім-кешек кептіру үшін пайдалану да қауіпті, көбіне мұндай қателікке нәзікқандылар барып жатады. Үйді жылыту үшін газ плиталарын қолданбаңыз. Ал үйден шығарда барлық газ және электр қондырғыларының өшірілгеніне көз жеткізген дұрыс.

– Осы ретте сөзіңізді бөлейің, қазір жылу маусымы басталып кетті, тұрғындар сіз айтқандай төтенше жағдай орын алмауы үшін не істеуі керек?

– Жылу маусымы басталар алдында пештерді жөндеуден өткізіп, мұржаларды құл-қоқыстан айына кемінде бір рет тазартып тұрған абзал. Пешке тамызық ретінде тез жанғыш сұйықтарды қолдануға болмайды. Сондай-ақ пештерді жағуды үйден

шығар алдында кемінде 2 сағат бұрын тоқтатыңыз. Ал сіріңке мен жандығыш құралдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Себебі дәл осындай немқұрайлықтың салдарынан орын алған апатты жағдайларға да кездескен көздеріміз болды. Реті келсе, балаларды мүлде қараусыз, жалғыз қалдырмаған абзал. Балаларға не деп ренжиміз? Тіпті төсек орында темекі шөгіп, өрт оқиғасына себеп болған ересектер де болған.

Дайындалып жатқан тамақтың плитада бақылаусыз қалуына да жол бермеген дұрыс. Газ құю бекеттерінде тұрмыстық газ баллонын толтыруға тыйым салынады. Себебі пропан газы тұрмыстық бутан газына қарағанда әлдеқайда тез кеңеюіне байланысты көп жағдайда жарылыстың орын алуына сеп болып жатады. Естеріңізде ме, осыдан бірнеше жыл бұрын Қызылорда қаласында бір үйдің екі рет отқа оранғаны. Зерттей келе сондағы әріптестеріміз бір үйде болған екі өрт оқиғасының да сол газ баллондарын газ құю бекеттерінен толтырғаннан болғанын анықтады. Көршілес Қармақшы ауданында да осындай жағдай орын алған болатын. Өкініштісі арты қайғылы жағдаймен аяқталды. Қазір бізге тұрмыстық газды, үйімізге кірген көгілдір отынды да пайдаланудың ережесін сақтаған дұрыс. Бастысы сақтансақ, сақтайтынын естен шығармасақ болғаны.

– Бағана жыл басынан бері 5 рет автокөлік өрті тіркелгенін тілге тиек еттіңіз. Бұған не себеп болды және алдағы уақытта мұндай төтенше жағдай орын алмауы үшін қандай ережелерді қаперде ұстаған абзал?

– Автокөлікте барлық электр тоқ жүйелері және қондырғылар зауыттан шығарылған болуы тиіс. Біз осыны ескере бермейміз. Қозғалтқыш бөлігі жанармайдан таза болуын қадағалап, майдың тегілуіне жол бермеу керек. Автокөліктердің қосалқы ескітері еркін ашылуы тиіс. Ал қозғалтқышты ашық отпен қыздыруға, қолдан жасалған электр қондырғыларын пайдалануға, жанармай құю станциясында жолшаушыларды түсірмей жанармай құюға, автокөлік ішінде темекі шегуге, жанармайдың бос ыдыстарын сақтауға немесе жинауға болмайды. Сондай-ақ аккумуляторды автокөлік ішінде зарядтауға, жанармай сақтау ыдысының аузын ашық қалдыруға, қозғалтқышты бензин, дизель майымен жууға, газ баллондарын тасымалдауға,

ашық тұрған, оқшауланбаған электр сымдарын пайдалануға болмайды. Сондай-ақ автокөліктер міндетті түрде отбасқыштармен қамтамасыз етілуі тиіс. Мұның бәрі балаға айтып отырған ақыл секілді. Бірақ осындай қарапайым ережелердің сақталмауынан сала мамандары мен қарапайым халық төтенше жағдаймен бетпе-бет келіп жатыр.

– Дұрыс айтсаңыз, орман және дала өрті көбіне шаруашылық иелерінің қауіпсіздік ережесін сақтамауынан болатын шығар...

– Бұл қате түсінік екенін назарыңызға салғым келеді. Рас, олар да дала және орман өртіне себеп болып жатады. Бірақ табиғат аясында демалу кезінде болсын, басқа жағдайларда да қарапайым адамдар да дала және орман өртіне себеп болып жатады. Мұнда да сол қауіпсіздік ережесінің сақталмауы қиындық туғызады.

Далада от жағуға, мангалдарды, басқа да құралдарды тамақ дайындау үшін пайдаланбаған дұрыс. Далада сіріңке лақтыруға, темекі тұқпылын тастауға, темекі шөгетін түтіктерден ыстық күлін тастауға, майланған немесе бензин, керосин өзге де жанғыш заттар сіңген материалды қалдыруға болмайды. Бөтелке, әйнек, басқа да қоқыстарды қалдырмаған дұрыс. Қарапайым далада өсіп тұрған шөпті жағудың соңы үлкен өртке ұласып жатады. Мен жаңа жоғарыда айтып кеткен ережелер қаперде болуы керек. Себебі сол ережелердің сақталмауынан талай төтенше жағдай орын алғанына біз күе болдық.

– Егер кез келген адам орманда немесе далада өрт аймағында қалса не істеу керек?

– Алдымен жақын маңдағылардың бәріне қауіпті аймақтан шығу туралы дереу ескерткен дұрыс. Қауіпті аймақтан от бағытынан тез шығып, ауызды және мұрынды мақта-дөке таңғышпен немесе матамен жабыңыз. Өрт аймағынан шыққан соң оның орны, көлемі және сипаты туралы өртке қарсы қызметке, елді мекеннің әкімшілігіне, орман шаруашылығына хабарлаған абзал. Кез келген өрт оқиғасынан сіз өзіңізді және жақындарыңызды қорғай аласыз. Оның ең тиімді жолы – қауіпсіздік ережесіне немқұрайлы қарамау.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Ерлан Созақбаев

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ «ЖАЛЫН» ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ БАЙҚАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Жалағаш ауданы әкімінің «Жалын» жастар сыйлығы (бұдан әрі - Сыйлық) Қазақстандық патриотизмді арттыруға елеулі үлес қосқан аудандағы жас дарынды белсенділерді қолдау мақсатында өткізіледі. Сонымен қатар, Сыйлық талантты жастарды ынталандыру және олардың айрықша сіңірген еңбегін тану мақсатында беріледі.

2. СЫЙЛЫҚТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

1. Сыйлықты беру мақсаты
1) Аудан жастарының бірілгін нығайту, жастар арасындағы қоғамдық көлісімді қамтамасыз ету;
2) Жастарды жан-жақты дамыту, жастар ортасында мемлекеттік тіл мен мәдениетті, өнер мен дәстүрлерді, тарихи мұраны насихаттау;
3) Ауданның жас патриоты бейнесін көпшілікке таныстыру.
2. Сыйақыларды тағайындау және дипломдарды тапсыру рәсімі жыл қорытындысымен байындалыстырылып беріледі.
1) Сыйлық иелерін анықтау және сыйлықтарды тағайындау комиссия (бұдан әрі - Комиссия) шешімімен жүзеге асырылады.
2) Комиссия құрамына аудан әкімінің орынбасары, депутаттар, жастар ұйымдары және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сала мамандары, БАҚ өкілдері кіре алады.
3) Байқаудың жұмысшы органы Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығы (бұдан әрі - ұйымдастырушы) болып табылады.
4) Осы Ереже байқауға қатысуға үміткер барлық тұлғаларға танысу үшін ұсынылады және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.
5) Сыйлықты бұрын жеңіп алған жеңімпаздар байқауға қайта қатыса алмайды.
6) Сыйлық жылына бір рет, Комиссия шешімімен белгіленген номинациялар бойынша тағайындалады.
7) Үміткердің бір ғана өтінімі беруге құқығы бар.
8) Сыйлықтың әрбір номинациясы бойынша ақшалай мөлшерін тапсырыс беруші мекеме жыл сайын белгілейді.
9) Байқауға жіберілген материалдар қайтарылып берілмейді.
10) Байқау жеңімпазына «Жалын» жастар сыйлығының дипломы, ақшалай сыйлығы (әр жеңімпазға 100 000 теңге) беріледі.

3. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

1. Байқауға қатысушылар:
Сыйлықты алуға үміткер ретінде 14-29 жас аралығындағы жоғары кәсіби жетістіктері бар Жалағаш ауданының жастары бола алады.
Сонымен қатар өз саласының және қоғамның жалпы дамуына қосқан үлесі мен инновациялық идеялары қоспалады.
«Жалын» жастар сыйлығы төмендегі бағыттар бойынша ауданның дамуы мен өркендеуіне субелі үлес қосып белсене атсалысқан жастар үшін тағайындалады:
– өз саласы бойынша (мемлекеттік қызмет, білім және ғылым, мәдениет, медицина, кәсіпкерлік, еріктілік, қоғамдық қауіпсіздік, спорт және тағы басқа салалар) жоғары және жақсы көрсеткіштерге, жетістіктерге қол жеткізгені үшін
– әлеуметтік маңызды жобалар және қоғамдық өмірге белсене қатысуы;
– мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру және жетілдіру бойынша қосқан жаңашыл бағыттарымен қосқан үлесімен;
– жеке басының жетістіктері;
– аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық сайыстарға қатысуы және жеңімпаз атануы.
«Жалын» жастар сыйлығы ұлты, нәсілі, жынысы, діні, білім деңгейі мен әлеуметтік жағдайына шектеу қойылмайды. Жалағаш ауданы жастарына арналған сыйлық 10 (он) жасқа сыйлық көлемі 100 000 (жүз мың) теңге тағайындалады және бір адамға екі мәрте қайта берілмейді.
Жалағаш ауданы әкімінің «Жалын» жастар сыйлығы үшін кезең бойынша ұйымдастырылады:
– бірінші кезең: үміткерлердің құжаттарын қабылдау (2022 жылғы 5-31 қазан аралығы);
– екінші кезең: Жалағаш ауданы әкімінің «Жалын» жастар сыйлығының жеңімпаздарын анықтау. Үміткерлер комиссия алдында өз саласы бойынша жасаған нәтижелі жұмысын және жетістіктері туралы баяндайды (2022 жылғы 9 қараша);
– үшінші кезең: Жалағаш ауданы әкімінің «Жалын» жастар сыйлығының иегерлерін марапаттау (2022 жылғы желтоқсан айы);

4. ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

1. Бастапқы кезең.
Байқауды өткізу және оған қатысу шарттары туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында 2 (екі) апта бұрын жарияланады.
2. Негізгі кезең.
Байқауға қатысушылар жазбаша нысандағы өтініші және материалдарын электрондық немесе қағаз түрінде Ұйымдастырушыға ұсынады.
Байқауға үміткерлердің материалдары Ұйымдастырушының мекен-жайына келіп түседі.
Ұйымдастырушы Сыйлықты тағайындауға 5 күн бұрын материалдарды әр номинация бойынша бөліп, тізімін қалыптастырушыға және Комиссияның қарауына ұсынады.
Комиссия өз жұмысының нәтижелері бойынша байқау жеңімпаздарын белгілейді.
3. Байқау бойынша номинациялардың саны 10-нан аспауы тиіс.

5. ҮМІТКЕРЛЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ІРКІТЕУ РӘСІМІ

1. Комиссия байқауға үміткерлерді таңдау кезінде келесі критерийлерді басшылыққа алады:
– Сыйлыққа келіп түскен өтінімдерді қарастырады;
– Төмендегі номинациялар бойынша қатысушыларды анықтайды:
1. «Білім» (олимпиада, интеллектуалды сайыс, ғылыми жоба жеңімпаздары, пән мұғалімдері)
2. «Ауыл шаруашылығы» (егін немесе мал шаруашылығында жетістікке жеткен жастар, сушы, агроном, механизатор немесе шаруашылықтың өзге де мамандары)
3. «Қоғамдық қызмет» (қоғамдық жұмыс белсенділері, ерікті жастар)
4. «Спорт» (облыстық, республикалық, әлемдік додаларда жеткен жетістіктері бар спортшылар, жаттықтырушылар)
5. «Медицина» (ауыр ота жасап адам өмірін сақтап қалуда ерлік танытқан жас мамандар, сала бойынша үздік жастар және т.б.)
6. «Кәсіпкерлік» (жаңашыл кәсіп түрінің иесі, кәсіпкерлік саласында жетістікке жеткен жас кәсіпкерлер)
7. «Үздік студент» (колледж немесе университет қабырғасында өзінің белсенділігін көрсетіп, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып жүрген жас)
8. «Журналистика» (интернет-сайт, газет-журнал тілшілері)
9. «Мәдениет» (ақш, жазушы және археология, өнер, театр, кино, музыка саласының үздіктері)
10. «Ерлігі үшін» (қылмыстың алдын алу, адам өмірін сақтап қалуда және т.б. төтенше жағдайларда ерлік танытқан жас маманлар немесе жастар)
Комиссия шешім шығару барысында шығармашылық және кәсіби одақтардың, қоғамдық бірлестіктердің пікірін ескеруге құқылы.
Комиссия шешімі ашық дауыс беру жолымен қабылданады және оған комиссия мүшелерінің жалпы санынан басым бөлігі дауыс берсе, қабылданған деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Шешім хаттамалар ресімделеді.
Комиссия шешімі қайта қарастырылмайды.

6. КОМИССИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Комиссия:
– Барлық қатысушылар үшін тең жағдай жасауға;
– Байқауды өткізудің жариялылығын қамтамасыз етуге;
– Байқау нәтижелері туралы мәліметтердің уақытынан бұрын жария етілуіне жол бермеуге міндетті.
Үміткерлер арасында кез келген бір номинацияға құжат өткізбеген немесе сол номинацияға лайық деп комиссия таппаған жағдайда, бір номинацияға екі үміткерді өткізуге құқылы
– Комиссия:
– Ұсынылған жұмыстар осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, үміткерді конкурсқа қабылдамауға;
– Келіп түскен материалдарға баға беруге;
– Сыйлықты тағайындай отырып, конкурс қорытындыларын шығаруға;
– Комиссия мүшелері өз өкілеттігін теріс пайдаланғаны анықталған жағдайда Сыйлық беру қорытындыларын жоққа шығаруға құқылы.

7. ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

1. Үміткер:
Байқауды өткізу шарттары мен тәртібі туралы ақпарат алуға;
Ұйымдастырушылардан осы Ереженің тармақтары бойынша түсіндірме алу үшін жүгінуге құқылы.
Осы Ереженің талаптарына сәйкес ресімделген материалдарды уақытылы ұсынуға;
Осы Ережеде көзделген шарттарды сақтауға міндетті.
Үміткер материалдар мен түйіндемеде көрсетілген ақпараттардың шынайылығына қойылатын талаптарды бұзғаны үшін сондай-ақ осы Ережеде белгіленген шарттарды сақтамағаны үшін жауапты болады.

8. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

• Түйіндеме (3*4 фотосуретімен);
• Жұмыс орнынан /оқу орнынан/ саласы бойынша мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардан ұсыным хаттары (қол жеткізген жетістіктері мен марапаттарын көрсете отырып);
• Жұмыс орнынан (турақты жұмыс орны болса) немесе оқу орнынан анықтама;
• Орта, арнаулы орта немесе жоғары білімі туралы диплом (көшірмесі);
• Жетістіктері (ағыс хаттары, мақтау қағаздары, дипломы және т.б.) сканер арқылы жасалған көшірмелері;
• Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру бойынша өткізген, қатысқан шаралар жайлы мәлімет, жарияланған мақалалар, жүзеге асырған жобалары және басқа да ұсыныс, келіпдеме хаттары;
• Жеке куәлігі (көшірмесі).
• Құжаттар беттеліп, бекітіліп ұсынылуы қажет (портфолио түрінде).

Қосымша ақпаратты Жалағаш көпі, Желтоқсан көшесі №11 үйде орналасқан «Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады.
Байланыс телефондары: 8/724 31/ 32-4-46.

АЛҒЫС БІЛДІРЕМІЗ

Аудандық «Иманқұл» мешіті жанындағы 180 орындық асхана өткен жылы жұмысын бастады. Жарқын жұзбен сәлемдесіп, зыр жүріліп жағдай жасаған даяршыларға көпшілік риза. Мен де асхананың өкімшілік басқарушысы Медина Қайратқызы, даяршылар Нұрай Қанатқызы, Ғайни Бауыржанқызы, Мерей Ақырзаеваларға ризашылығымды білдіріп, алғыс айтамын.

Ораз САЛҚАШҰЛЫ, мешіттің шырақысы



Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Сақтансаң, сақтайды

Қауіпсіздік ережесі қаперде болсын

Өрт оқиғасының туындауына алып келетін ең көп себеп – отты пайдаланудағы абайсыздық. Сонымен қатар тілсіз жаудың құрбанына айналатын, адам өміріне қауіп төндіретін бірқатар себептер – мас күйінде темекі шегу, тұрмыстық газ құралдарын, пешті, электр жабдықтары мен аспаптарын пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы.

Абайсыздықтың арты ұқып-сыздыққа айналуы мүмкін. Үйде, қылтимпада немесе кешеде ойланбай тасталған сіріңке, темекінің тұқылы үлкен қасіретке айналуы мүмкін. Сондықтан кез келген азамат өрт қауіпсіздігі ережелерің оның шығу себептерін және дұрыс әрекет жасауды білу қажет.


Өрт оқиғасын ескерту, адам өмірі мен дүние-мүлік сақтау мақсатында аудандық төтенше жағдайлар бөлімі пәтерлер мен тұрғын бөлмелерде отты пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін естеріңізге салады.

Пәтерлер мен тұрғын бөлмелерінде қылтималар мен лоджияларда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, газ баллондарды сақтауға, төсекте темекі

шегуге, қылтималар мен лоджиялардан темекі тұқылын лақтыруға, плитада дайындалып жатқан тамақты бақылаусыз қалдыруға болмайды.

Жанып тұрған шырақтарды желдің өтіне қою, тез тұтанатын материалдардың қасына қою, қараусыз қалдыру, балалар мен үй жануарларына қолжетімді жерлерде қалдыру қауіпті. Бей-қамдық, отпен абайсыздық болжап болмайтын зардаптарға айналуы мүмкін. Осыны қаперден шығармайық. Өрт болған жағдайда міндетті түрде 101 немесе 112 телефон нөмірлеріне қоңырау шалыңыздар.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



ТҰМА

балалар шығармашылығына арналған бет

ҚҰРАҚТАЙ БАЛҒЫН, БҰЛАҚТАЙ МӨЛДІР

Біздің басылым бұдан бұрын Балалар жылына орай балалар шығармашылығын қолдау мақсатында «Тұма» айдарын ашып, онда жергілікті жас ақындардың бір топ өлеңдерін жариялап, қауырсын қалам иелерінің балауса жырларын оқырмандарға паш еткен едік. 1 маусым – балалар күніне орай «Тұма» айдарының кезекті нөмірінде балалар шығармашылығына қалам тербеп жүрген ақын, жерлесіміз, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Қуат Ахетовтің кішкентай балақайларға арналып жазылған бір топ өлеңдеріне де кезек бердік. Енді әдеттегідей ақын, балалар әдебиетінің өкілі Адырбек Сопыбековтың балаларға арнап жазылған бірқатар өлеңдерін жариялап отырмыз. Бұл тартуымыздың жас жеткіншектерге керемет көңіл-күй сыйлауына тілектеспіз!

Үй мүліктері

Болмас үйге түспесек,
Шалап сусын ішпесек.
Кірсең бәрі дайын тұр,
Көрпе, жастық, құстөсек.

Көп ойланып қалмай-ақ,
Ажыратасың оңай-ақ.
Ағаш төсек, әбдіре,
Жарасып тұр жуқаяқ.

Айналаға қараса,
Бәрі-бәрі тамаша.
Түкті кілем, түскиіз,
Түрлі-түсті алаша.

Оны-мұны елеме,
Деп қалмашы немене?
Анау тұрған ожау мен
Қымыз торсық, тегене.

Ілулі қоржын, аяқ қап,
Адалбақан, бәрі бар.
Қалдым мен де аяқтап,
Енді өздерің танып ал!

Көзілдірік

Көзілдірік ап келдім,
Әжем қалды қуанып.
– Сенің қалам, дәптерің,
Көріңді, – деп бәрі анық.

Әжем енді ікемді,
Көзілдірік көзінде.
Қадап берді түйемді,
Мәз боп қалдым өзім де.

Бос отырмай күн ұзақ,
Газет оқи алады.
Іне болса мінсіз-ақ,
Тез сабақтай салады.

Көзілдірік болды ем,
Көзі жақсы көреді.
Енді маған бұл әжем,
Қолғап тоқып береді.

Телефонда

– Ал-ла, ал-ла... Қайдан бұл?
Өзіңбісің, Ұлмекен?
– Сөйлеп тұрған Айжан бұл
Құтты болсын мерекең!

– Естіп тұрмын сөзіңді,
Хабарсыз кеттің сен бізбен.
Құттықтаймын өзіңді,
Сегізінші Наурызбен!

Жатырмысың демалып,
Менен сәлем анаңа.
Ауылда қандай жаңалық?
Келесің қашан қалаға?

– Ауыл деген керемет,
Кеткен бізде қар еріп.
Бәрі де бар, не керек,
Көгеріп тұр тал, өрік.

Апам жатыр кідіріп,
Барам жаздың кезінде.
Оған дейін қыдырып,
Келіп қайтсай өзің де!

Күшік пен мысық

Жатқан күшік бүк түсіп,
Өте берді бір мысық.

Күшік оған ырылдады,
Бірақ мысық бұрылмады.

Бірте-бірте алыстады,
Бұған күшік намыстанды.

Шыдамады бұл күшік,
Орынынан тұрды ұшып.

Ашу деген бұды кеп,
Тез соңынан қуды кеп.

Жетіп тістей бергенде,
Мысық талдың, бір демде,

Шығып кетті басына,
Ілестірмей қасына.

Шыға алмады, тал биік,
Күшік қалды аңқиып.

Қумау керек әу баста,
Әуре болды құр босқа!

Ескі паровоз

Депода ескі паровоз,
Бұл күнге шейін тұр әлі.
Сол жайлы достым Танакөз,
Бір күні менен сұрады.

...Зуылдап көкте оқ ұшқан,
Сұм соғыс жүріп жатқан-ды.
Елімнің
Сонау соғысқа
Ер-азаматы аттанды.

Төнгенде қауіп Отанға,
Сыналар ердің ерлігі.
Ол кезде менің атам да,
Машинист болып белгілі.


Халқымның күші бірікті,
Бар әлем бізді қоршапты.
Майданға атам кіріпті,
Сүйретіп ауыр составты.

Талай сөт өтіп басынаң,
Көз ілмей күн-түнімен.
Дамылсыз қару тасыған,
Ал атам болса мұнымен.

Ақиқат ерлік танытты,
Оралды елге олда аман.
Паровоз да аман қалыпты,
Жарылған талай бомбадан!

Түскен еді додаға,
Бағалады бейнетті ел.
Паровоз қазір депода,
Атам болса зейнеткер.

Майдандас болған досын да,
Ұмытқан емес сіре әлі.
Атамыз қазір
Осында
Күнара келіп тұрады.



Тамшы

Осы біздің ауылдың,
Ауа райы қызық-ақ!
Алды жетті дауылдың,
Ойнап жүр ек күнұзақ!

Бұлт торлап ап лезде,
Аспан толды жарқылға.
Жаңбыр құйды бір кезде,
Паналадық шатырға.

Аң таң болып жатырмын,
Ел-сел етті даланы.
Дәл төбесін шатырдың,
Тырсылдатып қағады.

Қарап едім төбедең,
Тамшы тама бастапты.
Су болмасын деп едең,
Қоя салдым тостақты.

Бізді қуып келгендей,
Кезіп-кезіп даланы:
"Шы-ық-қ! Шы-ық-қ!"
Шы-ық-қ!"- дегендей,
Тамшы тынбай тамады.

Батпырауық

Батпырауық жасадым,
Ақ қағазға жіп тағып.
Жарысқа оны қосамын,
Достарыма мақтанып.

Ауылдағы топ бала,
Басына шықтық төбенің.
Бәрі де жүр мақтана,
Мен де сынап көремін.

Жүгірдім мен төменге,
Желге қарсы қалбаңдап.

Батпырауық төбемде,
Қалықтайды бұлғандап.

Жібім кенет үзілді,
Кетті "ұшарым" аспанға.
Бар жоспарым бұзылды,
Қиын екен сасқанда.

Бірақ сасам нәсіне,
Барады ұшып ол әлі.
Мүмкін тура төсіне,
Айдың барып қонады!





Айтыс



Ел бірлігі ақындар жырына арқау болды

Аспан күркіреп жатқанда Жалағашта дүркіреп думан өтті. Аудан тұрғындары Республика күнімен тұспа-тұс келген «Алтын дән» мерекесін тойлады. Биыл да жылдағы қалыптасқан үрдіс бұзылған жоқ. Қонысбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен салтанатты шарада күзгі науқанды толайым табыспен тәмамдаған ауыл шаруашылығының мейрамдарының марапаттау рәсімі өтті. Дәл сол сәтте бірқатар жерлестеріміз түрлі салада атқарып келе жатқан абыройлы еңбегі үшін «Жалағаш ауданының Құрметті азаматы» атанды.

Болса да ханға лайық жылы күймен. Сәбидің бауы берік болсын дейміз. Жеңемнің жайы қалай жылы киген? Қырқынан шығарғанша қыз қарамай, Қадірін алғандардың бір деп ем. Араның аш қасқырдай ағатай-ау, Сөздерің көңіліме күдік үйген. Қырық күн сізге қызық бола алмаймын,

Осылай өріліп тұр ой ырғасы. Сыр елін білмейтіні көрініп тұр. Бұл жұмыс диқан елге тәуір жақсы. Біз жақта тракторшы ең бай адам, Бір тонна күріш алар ыр үй басы. Той мінем десе егер, шеттеріңе, Дайын тұр «Камири» мен «Каринасы». Ал енді тракторды тізгіндесе, Жұмыстан қайыспайды қабырғасы. Кабинасын салқындатар кондиционер, Қолында мұздай «кола, гориласы». Магнитофон дауысын ашып қойса, Ән сап тұрар Сәдуақастың Мәдинасы. Төрағалар жағдайын жасап қойған, Болғасын еділетті бар ибасы. Сондықтан май-май болып жүрмейді олар, Шат-шадыман күй кешер фәниде осы. Жалағаштық тракторшы ағалардың, Өмірге жоқ өкпесі, сәл иланышы. Анау-мынау директор дегендердің, Кабинетінен жақсы кабинеті.

Нұрматтың бұл шумағынан тек Талғатқа берген жауабын ғана емес, Жалғаш жерінің берекесі мен бірлігің, ауданымызда соңғы жылдары егін шаруашылығының өркендеп келе жатқанын анық аңғаруға болады.

Ал Талғаттың түйдек-түйдек болып тегілген шумақтарының ішіндегі:

Маңдайыңнан құлаған ашы терің, Тәтті дән боп түседі тандайыңа, – деген екі қатар өлеңі «Алтын дән» мерекесінің, берекелі мезгілдің, дала еңбеккерлерінің бұйып болмысын ашып берді.

Ең тартысты айтысты соңғы жұп көрсетті. Үш дүркін «Алтын домбыраның» иегері, қызылордалық жүйрік ақын Мұхтар Ниязов пен азулы ақын алматылық Рүстем Қайыртбайұлы тамаша айтыс жасады. Шаппа-шап айтыстың шебері Мұхтар халықпен амандасып алған соң, бірден қарсылас-құрдасына шабуылдады.

...Қаймақ жесем, өз сөзім еске түсіп,

Сенің сөзің еске түседі су ішкенде, – деген екі қатардан-ақ құрдастық әдемі қалжың, қарсыласын қаптапалдап тықсыру байқалады. Бұл – кемсіту емес, қарсыласын қатардан қалдырмай қамшылау. Мұхтар қарсыласын алдына түсірмегенімен, артына да қалдырмай, көрмегені әдемі айтыс сыйлады. Бұл – айтыс ақынының бойынан табылуы тиіс қасиет.

Рүстем өз кезегінде Түркіменстанның экс президенті Сапармурат Ниязовтың тегі қарсыласының терімен бірдей екенін және сол бұрынғы түркіменбашы кезі тірлісінде елінің барлық өңірінен алтыннан өскерткіш салғанын, Мұхтардың да үш дүркін «Алтын домбыра» алғанын мәңзей отырып, «екеуіңнің араларында туысқандық жоқ па?» деп сұрады. Оқтаулы мылтықтың дайын тұратын Мұхтар да оған егер Сапармурат Ниязовпен туысқандығым болса, сені теріме шығармас едім қой деп тапқыр жауап берді. «Түркімен терін бермейді!» деген мәтелді мәңзейген.

Одан бөлек осы айтыста «Ер-Әлі» шаруашылығының бал татыған алмасы өлең боп өрілді. Мұхтар қарсыласы Рүстемге Жалағаш жерінде өсетін алманың табиғи таза өнім екенін айтып, келішпегіңе апарып бер деп бір ыдысын ұсынды. Құрдасының көңіліне риза болған Рүстем кезегін алғанда «бұрын тәтті алманы Алматыдан ауылға беріп жіберуші еді, ауылдан Алматыға алма беріп жіберген жұртты Жалағашқа келіп көріп отырмын» дегенде мейманасы тасып отырған халық ұзақ қол соқты. Иә, расымен Рүстем айтқан осы бір ауыз сөзден Жалағаш жұртшылығының шөл далаға да дән шығаратын жанкешті еңбеккерлігі, кең құшақ қонақжайлығы, ауызбіршілігі көрініс тапты.

Жығра шөліркеген аудан халқы бір күн бойы ақындарына құлақ түрді, олардың үнін, сөзін кеуделеріне жазды. Қонақтарын құшақ жайып күтіп алып, ақ батасын беріп, шығарып салды. Құмай қолтасты. Жалағаш аспанын бір күн думанға бөлеген ақындар да жамалы жарқын Жалағаш жұртшылығына ризашылық көңілмен аттанды.

Қазылар алқасы жеңімпаздарды «Құл-мамбет айтыста» іріктеп, анықтады. Бас жүлдені Мұхтар Ниязов (3 000 000 теңге) иеленді. I орынды Рүстем Қайыртбайұлы (1 500 мың теңге) жеңіп алды. II орын (700 мың теңге) Айдос Рахметов пен Талғат Мықпаға бұйырды. III орынның жүлдесі (500 мың теңге) Айбек Қалиев және Серік Қуанғанға тиді. Сондай-ақ Айым Асылбекқызы аудан әңгімесін арнайы жүлдесін (500 мың теңге) иеленді. Басқа ақындардың барлығы ынталандыру сыйлығын (300 мың теңге) алды.

Қуат АДИС



Менің жыраулығымды бір мойында! Мен де бұл Жалағашқа жат емеспін, Ақынмын туып тұрған жыр бойында. Арғындар Сарыарқаңы жайлағанмен, Арғы атасы туған гой Сыр бойында, – деп сөз тауып кетті.

Бұл жерде екі қарсыласты «бірің мықты, бірің осал» деп бөліп-жарған жоқ. Екеуі де тандайынан жыр, маңдайынан тер төкті. Сондықтан көрермен екі ақынға да ықыласын аяған жоқ.

Айтыстың екінші жұбы бір-біріне замандас ретінде сыпайлық танытып, өдеппен әдемі айтыс үлгісін көрсетті. Бесігінен жыр жаттаған домбырасын құндақтаған, жыр сүйлейлерінің жалғасы, төкпе жырдың жорғасы Айдос Рахметов пен патшаға дат айтып, ақиқаттың алдаспаны атанған торғайлық ақтангер ақын Айбек Қалиевтің айтысы да көрерменнің көңілінен шықты. Сөз додасын бастаған Айдос ақын сөзін өзінің туған жері – Жалағаштың жетістігінен бастады. Туған жерінің әрбір тасың, құмың, тіпті шаңына дейін қастерлеп өлеңге қосты. Еңбек ерлерінің есімін де ардақтады. Жалғаш көңілінің күннен күнге жаңарып, жасарып келе жатқанын перзентің сезімімен мақтан өтті.

...Жалағаш туып-өскен жерім еді, Топырағы киелі елім еді. Жылдан-жылға жайқалып келе жатыр, Байқасандар ауданның төңірегі. Дәуімбай мен ортаға көпір салып, Бұйырса, ол халыққа беріледі. Сөнденген көшелерді араласаң, Көңіл шалқып, тынысың кеңір еді. Кіреберіс жолдары көруменен, Жаңа леп көлгендей боп көрінеді.

Айдостың осы шумағы расында туған жерін сүйетін туған жерінің иенің жасуындай жетістігімен де мақтанып, атын қастер тұтатын ақынның шын болмысын айшықтады. Одан соң Айдос сөзін қарсыласына бұрып, айтыстағы жас ақындардың өзін «шал» деп қылжақтайтынын, сондықтан Арқадан Айбектің құрдасының келгеніне қуанғанын айтты. Осы сәтті күтіп отырғандай Айбек:

Айеке, аманбысың шамшырағым, Жігіт те емес, шал да емес, шалшығарым. Апырмай жас балалар шал дейді деп, Маған неге мұң шағып хал сұрадың? Дүлей едің дүйімді дүрікөріп, Сүлей едің сайраған шаршыда мың. Жаман қой ісегінде қартаяды, Қартаюға асықпа, сәл шыдағың. Қарға құрлы қауқары болмайды ма, Қартайса да қыргы мен қаршығаның. Ақын көңілі ешқашан қартаймайды, Қолыңа домбыранды ал шырағым. Білмеймісің ақынның кеудесіңең, Өлсе де өлеңменен жан шығарың, – деп

құрдасын қайрап, қамшылағысы келді. Алайда Айдос құрдасының бұл сөзіне де тапқырлық танытып кетті.

Қалыда қалады екен қамданбаған, Жүйрік пе шапқанда артта шаң қалмаған?! Қартаюға асықпа дегенменен, Жастар бізді қоймайды, оны да аңғарам. Бір қалыпта қартаймай тұрсақ қой деп, Өмірде талай пенде армандаған. Өйткені өтпелі бұл сұм дүниеге, Айеке, адам аз ба алданбаған?! Сен өзің Сыр бойына құда болсын, Сөбешпі болып жатыр балдар да оған. Шүкір, Алла көрсетті немерені,

Айеке, неміз қалды шал болмаған, – деген шумаққа халық дүрілдеп қол соқты. Серілік көңілмен Айбектің айтып отырғаны да орынды, өрине. Ақынның жүрегі жас, көңілі қартаймайды. Әйтсе де Айдос өтпелі өмірді, жалпы жалған дүниені ақындық сезіммен емес, пәлделік көзқараспен өлшейтінін және оны барлығымыз мойындауға тиісті ақиқи шындық екенін бір шумақпен кестелеп әдемі жеткізді.

Түсікі үзілістен соң да қалың көрерменнің мұрты бұзылмай залға қайта жиналды. Сахнаға шыққан үшінші жұпқа жүргізуші ерекше тоқталды. Оның өз мәні бар. Біріншіден, бұл – қыз бен жігіт айтысы. Екіншіден, айтыскер қыз – бала ақындардың ішіндегі ең жасы және соған қарамастан аз уақыттың ішінде айтыс сүйер қауымның кезайымына айналып үлгерген, айтыс өнерінің аспанында жарқырап келе жатқан жаңа жұлдыз. Ол – алматылық Айым Асылбекқызы. Айымның қарсыласы болып қызылордалық талантты ақын Ержан Өміров шықты. Ержан ө дегеннен қыз балаға тиісе сөйледі. Өзінің жақында перзенті болғанын және сөбіі өлі қырқынан шықпағанын, сол себепті келішпегіңнің қасына жолай алмай жүргенін мәңзеді.

...Қоянның көжегіңдей түрі айымай, Түрінен айналайын құдай, құдай! Қызылордаға күнде кеп жатқан жоқсың, Қыдырып қайтамыз ба былай-былай, – деп бастаған Ержан өліне келген қонақ қызды Аралдан бастап, Жаңақорғанға дейін аралатып, қыдырып, қалағанының барлығын алып беріп, Сыр өліне келін қылып алып қалатынын айтты. Қыз да оңай шағыла қоятын жаңғақ емес екенін көрсетті және нағыз қазақ қызына тән болмысын, аппақ арын отбасынан сіңірген тәрбиесі, әдебі мен ибасы күзетіп тұрғанын жеткізді. Айым алдымен Ержанның тұр-тұлғасын әзілмен суреттеп, жұртты бір күлдіріп алды.

Болғандай ірі батыр, ұлы бидең, Қуанып келісізсіз қой бүгін үйдең. Қос көзі қанталаған бұл ағамыз, Қос-қара қазан сынды түбі күйген. Айымды қыдыртм деп ауырылған,

Қылығын тиган қызбын қырық үйдең, – деп елді шу еткізді.

Одан бөлек Айым Ержанға «қыдырататын болсаң, осы киелі өңірде жатқан әулие-әнбиелердің, билер мен батырлардың басына анар, тәу етіп қайтайық. Мен мұнда қыдыру үшін емес, халықтың батасын алу үшін келдім» деп ары кіршіксіз қазақ қызының бейнесін жаулардай жарқырата түсті. Кезек Ержанға келгенде қызық болды. Ержан енді әңгіме әуенін басқа жаққа бұрды. Өзімен еріп келген көкірек досының бар екенін, оның Айымға ғашық екенін таныстыр деп мазалап жүргенін, Жалағашқа Айымның келгенін естіп, өзімен еріп келгенін айтты. Сол сәтте залда отырған досы бір құшақ алқызыл раушан гүлді сахнаға шығып, Айымға сыйлады. Айтыскер қыз өзін арнайы іздеп келген жігіттің сыйлығына да әдемі жауап беріп, көрерменді риза етті. «Жұрт еліңді жинап алғанда, мына гүлді қайдан теріп алып келдің» деп жұртты ду күлдірді. Сосын тағы да «ғашық адам қыздың еліне келгенін күтіп жүре бермей, іздеп бармай ма?! Кешегі Қыз Жібекті Жайыққа іздеп барған Төлегеннің бүгінгі ұрпақтары майдаланып кеткен бе?» деп жігітті уялатты.

Төртінші жұп оралдық жас ақын Талғат Мыки мен қызылордалық Нұрмат Мансұровтың арасында да тамаша, тартысты айтыс өтті. Айтысты бастаған Талғат Мыки салған жерден Нұрматқа түрің өнер адамына емес, тракторшыға ұқсайды деп тиісті.

...Артып тұр халық бізге бүгін сенім, Қарыштап бір шабатын күнің сенің, Ассалаумағалейкум Нұрмат ағам, Жұбың боп қалған өкем бүгін сенің. Алдында мына біздей інілердің, Құлдырап көрген емес құның сенің. Міз бақпайтын болпысың мақтасақ та, Бұрында сәл жымиып күлуші едің. Шенеуің боп шікірейіп отырсың-ау, Маңдайың жоқ еді қой бұрын сенің. Айтпақшы, дардай бастық емеспісің, Көтерген жеңіл емес жүгің сенің. Клубта директор боп жүргесін бе, Өктем-өктем шығады үнің сенің. Ай бірақ директорға ұқсамайсың, Айтайын кеп тұрса да жының сенің. Басыңа мыжырайған кепка берсе, Тракторшыдан аумадың түрің сенің. ...Кабинетте шәй ішіп отырғанша, Кабинетте май-май боп отқан жақсы», – деп тиісті. Мінезі жерден ауыр Нұрмат та Талғаттың шабуылын дер кезінде тойтарып тастады: Аузыңда бар тобасы, кәлімасы, Мыки деп айтылатын фамилиясы, Алғаш сөзін бастап еді түсіудең, Қайталап қоятын бар қағидасы. Тракторшыға түрің ұқсайды деп,

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас редактор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1788

Кезекші редактор: Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ